

KEMEL USTAZ



Сарсембаева Ақгуль Заркымовна

**Алматы қаласы, Алмалы ауданы
Жәния Әубәкірованың авторлық мектебі
Бастауыш сынып мұғалімі**

«KEMEL USTAZ» Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал
«KEMEL USTAZ» Республиканский научно-методический журнал
Наурыз/Март №3 (7) / 2026 жыл Алматы қаласы

Мазмұны

Бас редакторы:
Жанабил Мадина
Ерлановна

Редакция мекен-
 жайы:
 Алматы қаласы
 Әуезов ауданы
 5 шағын ауданы

Редакция телефоны:
 87074906994
 e-mail:
 kemelustaz.almaty
 @mail.ru

Куәлік
 Журнал Қазақстан
 Республикасы
 ақпарат және
 коммуникация
 министрлігі
 бұқаралық ақпарат
 құралдары
 саласындағы
 мемлекеттік
 бақылау комитеті
 №
 KZ17VPY00055595
 куәлігі берілді.
 Айына 1 рет қазақ
 және орыс тілінде
 шығады.

Теруге 24.03.2026 ж
 берілді.
 Басуға 30.03.2026 ж
 қол қойылды.
 Таралымы 1000
 дана.

Журнал
 KEMEL USTAZ
 баспаханасында
 басылды.

<i>Тоқтасын Ы.Е.Ермолла Е. «Қазақтың ұлттық тағамы-құрт».....</i>	2
<i>Абенова А.С.Clil: biology: healthy eating.....</i>	6
<i>Сағындықова А.Ж. Communication and technology.....</i>	8
<i>Әбдірәсілова Р.Б. Types of films.....</i>	11
<i>Телғариева Ә.А. Travel and tourism.....</i>	13
<i>Шәмін Ж.Б. Fruit and vegetables my food.....</i>	17
<i>Байсымакова К.А.Білімді ұрпақ-іргелі елдің кепілі.....</i>	20
<i>Спанова П.Б.Қышқылдар.Лабораториялық жұмыс №7 «Қышқылдардың қасиеттерін зерттеу».....</i>	21
<i>Жумадилова Б.А.Тәуелсіздік-тұғырым.....</i>	27
<i>Алтынбайқызы Г.Өру (тоқу) өнері.Өру түрлері.....</i>	31
<i>Хансейтова П.М.Көркемдік жазбаны орындау.Сәндеу.Безендіру.....</i>	34
<i>Касенова Г.К. Мұстафа Шоқайдың тәуелсіз Қазақстан үшін саяси-құқықтық көзқарастарының тарихи маңызы.....</i>	37
<i>Алипбаева Д.М.Бастауыш сыныпта оқушылардың сабаққа қызығушылығын арттыру үшін steam технологиясын қолдану.....</i>	39
<i>Жанулина М.К, Жумабаева Ж.Ж.Әженің сандығы.....</i>	41
<i>Кайрлиева А.Ж. Ауызша және жазбаша сөйлеу өнері.....</i>	45
<i>Калижан Ж.О.Графикалық дизайн негіздері арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін арттыру.....</i>	47
<i>Бегимова А.А.8-сынып химия сабақтарында проблемалық оқыту тәсілінің педагогикалық нәтижелері.....</i>	50
<i>Ертаева А.К.Химия сабақтарында функционалдық сауаттылықты арттыруда жасанды интеллект құралдарының рөлі.....</i>	56
<i>Әбдірахманова Н.Ж.Химия сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясының тиімділігі.....</i>	59

ӘЖЕНІҢ САНДЫҒЫ

«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің
№17 бөбекжай-бақшасы» МКҚК

Тәрбиешілері

Жанулина Марияш Кожасметовна

Жумабаева Жадыра Жолдыбековна

Мектеп жасына дейінгі кіші топ балаларының сенсорлық дамуы олардың қоршаған ортаны тану, есте сақтау, ойлау және қиялдау қабілеттерінің негізін қалайды. Сенсорлық ойындар – балалардың сезім мүшелерін, ұсақ моториканы және когнитивті дағдыларды дамытуға бағытталған тиімді құрал. Бұл ойындар арқылы балалар заттардың түсін, пішінін, өлшемін, құрылымын, дыбысын және иісін ажыратуды үйренеді.

Мектеп жасына дейінгі кіші топ балаларын сенсорлық ойындармен дамыту өте маңызды, себебі олар баланың танымдық, эмоционалдық және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға негіз болады. Сенсорлық ойындар арқылы бала қоршаған әлемді түсініп, өз сезім мүшелері арқылы жаңа ақпарат алады.

Сенсорлық ойындардың негізгі маңызы зор.

Танымдық дағдыларды дамытуда бала түр, түс, пішін, өлшем сияқты қасиеттерді ажыратуға үйренеді. Қоршаған ортадағы заттардың қасиеттерін зерттеп, оларды салыстыруды үйренеді.

Сөйлеу және ойлау қабілетін жетілдіруде сенсорлық ойындарда балалар жаңа сөздер үйреніп, оларды дұрыс қолдануға дағдыланады. Танымдық процестер арқылы логикалық ойлау мен зейін қалыптасады. Ұсақ моториканы жетілдіруде саусақтардың дәлдігі мен икемділігін арттыратын тапсырмалар (мысалы, түймелерді ілу, құмда ойнау) жазу дағдыларының негізін қалыптастырады. Эмоциялық және әлеуметтік дамуды қолдауда балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасауды, топтық ойындарға қатысуды және ортақ шешім қабылдауды үйренеді. Ойын барысында бала өз сезімдерін түсінуге және басқаруға мүмкіндік алады.

Сенсорлық ойындар баланың дамуының барлық аспектілеріне оң әсер етеді және мектепке дейінгі жастағы балалардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастырудың негізгі құралдарының бірі болып табылады.

Сенсорлық ойындар - балалардың сезім мүшелерін дамытатын және жаңа ақпаратты қабылдау қабілетін жетілдіретін тиімді құрал. Қазақ халқының мәдениетімен таныстыру мақсатында сенсорлық ойындарды ұлттық ерекшеліктерге сай құрастыруға болады. Бұл тәсіл арқылы балалар ұлттық дәстүрлерді, қолөнерді, тұрмыстық заттарды, музыкалық аспаптарды және т.б. тереңірек түсіне алады. Сенсорлық ойындар тек қызықты ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының мәдени мұрасын баланың жан-жақты қабылдауына ықпал етеді. Мұндай тәсіл ұлттық құндылықтарды жаңа ұрпаққа жеткізудің маңызды әдістерінің бірі бола алады.

Өзектілігі. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының негізгі бағыттарын іске асыруға арналған. Мектеп жасына дейінгі кіші топ балаларын сенсорлық ойындар арқылы қазақ халқының мәдениетінің элементтерімен таныстыру – бұл педагогикалық бағыттылық балалардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын қалыптастыруға, олардың эстетикалық талғамын дамытуға және қоршаған әлемді тану дағдыларын жетілдіруге бағытталған тиімді әдіс.

Мұндай тәсілде ойын әрекеті арқылы мәдени құндылықтарды игеру баланың жас ерекшеліктеріне сай жүзеге асырылады.

Осы жерде біз сенсорлық ойындардың бір неше педагогикалық аспектілерін атап кеткіміз келеді:

Сезім мүшелері арқылы таныстыру: Сенсорлық ойындар баланың көру, есту, дәм сезу, иіс сезу және жанасу арқылы ақпаратты қабылдауына негізделеді. Мысалы:

Көру: Қазақтың қарапайым ою-өрнектерімен таныстыру: ирек, гүл, балта, құс қанаты, тұмарша және түстері мен формаларын анықтау. Балалар ою-өрнектерді сипап, олардың формасы мен текстурасын анықтайды.

Есту: Ұлттық музыкалық аспаптардың (домбыра, қобыз, асатаяқ т.б.) дыбысын есту арқылы оларды ажырату.

Қазақ халқының тұрмысын көрсету: Ойын барысында ұлттық тұрмыстық элементтерді пайдалану ұсынылады:

"Қай киіз үйдің бөлігі?" ойыны: Балаларға киіз үйдің бөліктерін суреттер арқылы таныстырып, кейін оларды дұрыс орналастыру тапсырмасы беріледі.

"Ұлттық тағамдарды тап!" ойыны: Балаларға ұлттық тағамдардың үлгілері немесе суреттері көрсетіліп, оларды сәйкестендіру қажет. «Құрақ құрау» ойыны – балаларды қазақтың қолөнерімен таныстырып қана қоймай, ұсақ моториканы дамытады. «Ұлттық дастарқан» ойынынды ойнап балалар қазақтың ұлттық тағамдарын макеттер арқылы танып, оларды түстері мен пішіндеріне қарай ажыратады.

Қолөнерді таныту: Балаларды сенсорлық тұрғыдан дамыту үшін оларды ұлттық қолөнер бұйымдарымен таныстыру маңызды:

Мысалы, кілемді ою-өрнекпен безендіру, ою-өрнектерді магниттік тақтада дұрыс орналастыру немесе қазақ ұлттық ою-өрнектердің көптеген түрлерінен зерттеп табу т.б..

Этно-музыкалық бағыттылық: Музыкалық сенсорлық ойындар арқылы балаларды қазақтың ұлттық музыкасына жақындату. Домбыраның, қобыздың дыбыстарын тыңдау арқылы мәдениетке жақындайды. «Дыбысты тап» ойынын ойнатқанда бала әртүрлі ұлттық аспаптардың дыбыстарын тыңдап, оларды ажыратуға үйренеді.

Сонымен қатар кішкентай бүлдіршіндер:

- ✓ ұлттық мәдениетпен ерте жастан танысып, оның ерекшеліктерін саналы түрде түсінеді.
- ✓ ұсақ моторикасы, сенсорлық қабылдауы және шығармашылық қабілеттері дамиды.
- ✓ қазақ халқының мәдени мұрасына құрмет пен қызығушылық қалыптасады.

Бұл бағытта педагогтар ұлттық құндылықтарды балаларға ойын арқылы жақындатудың креативті тәсілдерін пайдаланып, олардың рухани дамуына үлес қосады

МАҚСАТЫ:

балалардың қазақ халқының дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, қолөнерімен танысуын, сондай-ақ оларды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге және сақтау қажеттігін түсінуіне ықпал ету. Сенсорлық ойындар арқылы балалардың сезімдік және танымдық даму мүмкіндіктерін іске асыруға, қазақ мәдениетінің элементтерін шығармашылық және практикалық тұрғыдан игеруге бағытталған іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы олардың бойында ұлттық сананы қалыптастыру.

МІНДЕТТЕРІ:

-балалардың рухани және этномәдени білімдерін кеңейту, ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу, елжандылыққа және мәдениеттілікке баулу;

-балалардың қиялын, шығармашылығын, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларын дамытады, сондай-ақ мәдениеттің байлығы мен түрлілігін түсінуге ықпал ету;

-сенсорлық ойындар арқылы балалар қазақтың дәстүрлі қолөнері, киімдері, тағамдары, музыкасы және салт-дәстүрлері туралы түсініктерін қалыптастыру.

Мектеп жасына дейінгі кіші топ балаларын сенсорлық ойындар арқылы қазақ халқының мәдениетінің элементтерімен таныстыру өте маңызды. Мұндай ойындар арқылы балалар мәдениетпен таныса отырып, оның құндылықтарын түсінеді және өмірге қажетті дағдыларды дамытады. Мысалы:

1. **Қазақтың ұлттық киімдерімен таныстыру.** Балаларға қазақ ұлттық киімдері - қамзол, шапан, тақия, қамшы, белбеу және т.б. туралы әңгімелеп, олардың сезім мүшелері арқылы сезінуге мүмкіндік беру. Балалар бұл киімдерді қолмен ұстап, жіптері мен маталарын, ою-өрнектерін сезінгенде, қазақ мәдениетін танып, оның сәндік мәнін түсінеді.

2. **Ұлттық аспаптармен таныстыру:** Балаларға қазақтың ұлттық аспаптары - домбыра, сыбызғы, шекті домбыра және т.б. туралы әңгімелеп, оларды тыңдату. Балалар аспаптарды ұстауға және оларды қалай ойнатуға үйренеді, бұл арқылы музыкалық мәдениетке деген қызығушылықтары артады.

3. **Қазақтың ұлттық тағамдарымен таныстыру:** Балаларға қазақтың ұлттық тағамдары - наурыз көже, бауырсақ, шелпек және т.б. туралы әңгімелеп, оларды дайындау мен дайындау жолдары туралы түсіндіру. Балалар тағамдардың иісі мен дәмін сезіне отырып, қазақтың ұлттық мәдениетімен танысады.

4. *Қазақтың ұлттық ою-өрнектерін қолдану:* Балаларға қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен таныстыру. Оларды құмда немесе арнайы материалдарда қолданып, әртүрлі ою-өрнектерді жасауға үйрету. Бұл арқылы балалардың шығармашылық қабілеттері дамиды және қазақ халқының өнеріне деген қызығушылықтары артады.

Мұндай сенсорлық ойындар арқылы балалар қазақ халқының мәдениетін терең түсініп, оны өз тәжірибелеріне ендіреді.

Бағдарлама:



2,3 жастағы бүлдіршіндердің танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту, жеке ерекшеліктерін ескере отырып, сенсорлық ойын түрінде балалардың қазақ халқының дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, қолөнерімен таныстыру, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге үйрету.

Балалардың танымдық қабілеттерін, білуге құштарлығын, қиялын, зейінін, есте сақтауын, байқағыштығын дамыту және білімдерін түрлі сенсорлық (түсі, көлемі, пішіні) әсерлермен байыту; қоршаған ортада бірлесіп әрекет жасауға, қолдардың ұсақ моторикасын дамыту.

Ыдыс-аяқтар

Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың, ыдыс-аяқтар атауларын айту (*кесе, табақ, ожау, тостаған, торсық*) және түсіну дағдыларын қалыптастыру, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Бақылау арқылы ыдыс-аяқтардың санын, пішінін, шамасын, олардың кеңістікте орналасуын ажыратуға үйрету. Таныс ыдыс-аяқтарды зерттеуге қызығушылықты ояту, жаңаны тануға, өзіне сенімділікке баулу; командада жұмыс істей білуге дағдыландыру; көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту.

ОРНАМЕНТ



Ұлттық киімдер

Қазақтың ұлттық киімі – қазақ мәдениетінің маңызды және ажырамас атрибуты. Қазақ киімдері тігілген негізгі материалдар мақта, жүн және киіз болды. Көшпелілер ретінде де қазақтар теріден, былғарыдан және үлбірден киім тіккен, өйткені олар даланың қатал жағдайларына өте қолайлы. Қазақтың ұлттық киімдерімен таныстыру. Балаларға қазақ ұлттық киімдері - қамзол, шапан, тақия, қамшы, белбеу және т.б. туралы әңгімелеп, олардың сезім мүшелері арқылы сезінуге мүмкіндік беру. Балалар бұл киімдерді қолмен ұстап, жіптері мен маталарын, ою-өрнектерін сезінгенде, қазақ мәдениетін танып, оның сәндік мәнін түсінеді. Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың, қазақ ұлттық киімдерімен таныстыру, атауларын айту (*көйлек, шапан, қамзол, сәукеле, тақия, бөрік, етік т.б.*) және түсіну дағдыларын қалыптастыру, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу. Екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу. Көрнекі-қимылдық ойлауды және шығармашылық қиялдауды дамыту.

ОРНАМЕНТ

Музыкалық аспаптар: домбыра, қобыз, асатаяқ, қоңырау, шындауыл

Музыкалық аспаптар – халық мәдениетінің аса маңызды құрамдас бөлігі. Бұл рухани дамудың көрсеткіші, әлемді қабылдау мен діни сенімдердің өзіндік ерекшелігі. Қазақтың ұлттық аспаптары – бұл тарихи мұра ғана емес, сонымен бірге халықтың рухани дамуының, рухани байлығының, эстетикалық талғамы деңгейінің көрсеткіші, ғаламның музыкасын қайта жаңғырту қабілеті мен дарыны. Олар тек көңіл көтеру немесе құлақ құрышын қандыру үшін ғана жасалмаған. Қазақ

халқының тіршілігі ән-күй өнерімен астасып жатты. Музыканың көмегімен әлем халықтарының тарихы туралы білім беріліп, этикалық нормалар енгізілді.

Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын тұрмыстық заттардың, қазақ ұлттық музыкалық аспаптарымен (*домбыра, қобыз, асатаяқ, қоңырау, шындауыл*) таныстыру. Балаларға музыкалық аспаптар ұлттық мұраның бір бөлігі екендігі туралы түсінік беру. Музыкалық аспаптардың құрылымымен, түрлерімен, дыбысымен таныстыру. Заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей, тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, жалпы шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.



Қазақтың ұлттық тағамдарымен таныстыру:

Қазақтың ұлттық тағамдарымен таныстыру: Балаларға қазақтың ұлттық тағамдары - наурыз көже, бауырсақ, шелпек және т.б. туралы әңгімелеп, оларды дайындау мен дайындау жолдары туралы түсіндіру. Балалар тағамдардың иісі мен дәмін сезіне отырып, қазақтың ұлттық мәдениетімен танысады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Мектеп жасына дейінгі кіші топ балаларын сенсорлық ойындар арқылы қазақ халқының мәдениетінің элементтерімен таныстыру баланың қиялын дамытуға, сезімталдық пен байқампаздықты арттыруға көмектеседі. Сенсорлық ойындар арқылы қазақ халқының ұлттық киімдері, аспаптары, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері туралы білім алады. Бұл балалардың өз еліне деген сүйіспеншілігін, ұлттық құндылықтарды құрметтеуді және қазақ мәдениетінің маңызды элементтерін түсінуді арттырады. Сенсорлық ойындар баланың өздігінен ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді және қазақ халқының мәдениетін құрметтеуге тәрбиелейді

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі» ММ №194 30.07.2024 жылғы бұйрығы;
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда № 29031 болып тіркелді;
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы;
4. Қабдешова, Г. Қ.. «Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған сенсорлық ойындар». Алматы: Ұлағат. (2021);
5. Мұқанова, Ш. Қ.. «Қазақ халқының мәдениет элементтері: даму тарихы мен ерекшеліктері». Астана: Фолиант. (2019);